

# БАЛҒЫН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ



Жуырда біріккен Араб Әмірлігінің Абу Даби қаласында джиу джитсудан өткен әлем чемпионатында жерлестеріміз Қарамұрын ауылының тумасы 7 жастағы Әлинұр Үсембеков пен Красная поляна ауылының тумасы 10 жастағы Кавальчук Милана және ақадырлық 8 жастағы Алдияр Азаматұлы өз қарсыластарынан оқ бойы озық танылып, Әлем чемпионы атанды.

Балғын спортшыларымыз аталған спорт түрімен шұғылданып жүргендеріне 1 жылдан асқан.

Осы орайда киелі өлкемізде дүниеге келіп еліміздің атын әлемдік додаларда шығарып жүрген балғын спортшыларымызды жеңістерімен құттықтап, алар асулары биік болсын деп тілейміз.

**Өз тілшімізден.**